



ТІЛ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ КОММУНИКАЦИЯ

Тіл, мәдениет және мәдениет
антропологиясы





Дәрістің мақсаты: оқырман пәннің негізгі теориялық ұғымдарымен танысады, тіл мен мәдениеттің өзара байланысын нақтылайды.

Дәрістің басты терминдері: антропология, физикалық антропология, мәдени антропология, лингвомәдениеттану, лингвокультура.

- Антропология – адам туралы барлық басқа ғылымдардан аспектілерді біріктіре отырып, адамның физикалық және мәдени дамуының жалпы процесін жан-жақты және жаһандық тұрғыдан зерттейтін ғылым.
- Физикалық антропология – әртүрлі нәсілдерден құралған адамның биологиялық тегін және физикалық құрылысының эволюциясын зерттейтін антропология;
- Мәдени антропология – адамды Адам ететін және оны өзге тіршілік иелерінен ерекшелеп тұрған адамның мәдени тұрғыдан қалыптасуының бірыңғай процесін зерттейтін түрі;
- Лингвомәдениеттану – мәдениет пен тілдің қызметіндегі өзара байланысы мен өзара іс-әрекетін зерттейтін кешенді ғылыми пән;
- Лингвокультура – лингвомәдениеттану бірлігі.

1. Тіл – мәдениет айнасы

Тіл – мәдениет айнасы, онда адам айналасындағы шынайы өмір мен оның өмірінің шынайы шарттары ғана емес, сонымен қатар, халықтың қоғамдық санасы мен менталитеті, өмір сүру салты, дәстүр-салты, мораль, құндылықтар жүйесі, әлемді сезінуі және түйсінуі қамтылған. Тіл – мәдениеттің алтын сандығы яки баға жетпес қоймасы. Ол – лексика мен грамматикада, идиоматика мен мақал-мәтелдерде, фольклорда, ауызша және жазбаша түрдегі көркем және ғылыми әдебиетте мәдени құндылықтарды сақтайды.

Тіл – тасымал құралы, мәдениетті жеткізуші, ол ұрпақтан ұрпаққа сақталып келген ұлттық мәдениеттің жауһарларын тасымалдайды. Балалар ана тілін меңгере отырып, онымен бірге ата-бабаларының бүгінге дейін жинақталған мәдени бай тәжірибесін де игереді. Тіл – қару, мәдениеттің құралы. Адамның, сол тілде сөйлеушінің тұлғалық сипаты тіл арқылы дарыған, тіл арқылы әлемді тануы, менталитеті, адамдармен қарым-қатынасы, т.б. яғни қарым-қатынас құралы ретінде сол тілді пайдаланушы халықтың мәдениеті арқылы қалыптасады. Демек, тіл «біздің өмір сүру салтымызды танытатын тәжірибелік дағдыларымыз бен идеяларымыздың әлеуметтік жинақтық қоры»

Этностың негізгі ерекше белгісі – тіл. Оны ішкі және сыртқы екі жағынан алып қарастыруға болады: «ішкі» бағыт бойынша, ол этникалық интеграцияның негізгі факторы ретінде айқындалады; «сыртқы бағыт» бойынша, ол этностың негізгі этнобөлшектену белгісі. Өз бойына осы екі қарама-қайшы қызметтерді диалектілік тұрғыдан қабыстыра отырып, тіл – этностың өзін-өзі сақтау әрі оны «өзім» және «өзгелер» деп бөлшектеу құралы». Демек, тіл мен мәдениеттің өзара қарым-қатынасы – күрделі әрі көп аспектілі.

2. Адам мәдениетінің қалыптасуы мен даму жолы

Адам мәдениетінің қалыптасуы мен даму мәселелерімен мәдени антропология айналысады. Антропология аты айтып тұрғандай – адам туралы ғылым. Алайда адам туралы ғылымдарға (тағы да атында көрініс тапқандай) барлық гуманитарлық ғылымдар мен кейбір жаратылыс ғылымдарының да (медицина, жекелей – биология) қатысы бар. Адам туралы ғылым өте көп. Бұл түсінікті де. Себебі адам – өте күрделі, әртарапты және көпқырлы жаратылыс. Сол үшін де жұрттың барлығының назары адамда.

Мәдени антропология – өте кең ауқымды іргелі ғылым. Ол адамзаттың мәдени дамуының жалпы проблемаларын зерттейді. Онда өзге гуманитарлық ғылымдардың барлық білімі



топтастырылған. Мәдени антропология – адамды Адам ететін және оны өзге тіршілік иелерінен ерекшелеп тұрған адамның мәдени тұрғыдан қалыптасуының бірыңғай процесін зерттейді. Мәдениет – мәдени антропологияны зерттеу пәні ретінде уақыттың белгілі бір кезеңінде ұлттың, таптың, адамдар тобының құрамдас және қалыптасқан өмір салтының адамзат қоғамының барлық саласындағы және барлық факторындағы (идеялар, наным-сенім, салт-дәстүр) қызметінің нәтижесі. Мәдени антропология мәдениетті оның барлық аспектісінде: адамның өмір сүру салты, әлемді тануы, менталитет, ұлттық мінезі, рухани, қоғамдық және өндірістік қызметінің дамуын зерттейді. Мәдени антропология адамның қарым-қатынасы арқылы, коммуникация арқылы мәдениетті дамытатын, ерекше қабілетін – соның ішінде, сөйлеу қабілетін зерттейді. Адамзат мәдениетінің шексіз әртүрлілігін, олардың өзара қызметі мен шиеленістерін қарастырады. Ерекше назар тілдің өзара қызметі мен мәдениетіне аударылатын болады.

3. Әлемнің тілдік бейнесі

Лингвомәдениеттану – типті синтездеуші, мәдениет пен тілдің қызметіндегі өзара байланысы мен өзара іс-әрекетін зерттейтін кешенді ғылыми пән. Бұл процесс тілдік және тілден тыс (мәдени) бірліктердің біртұтас құрылымдық (структуралық) мазмұнын қазіргі басымдықтарға және мәдени қондырғыға бағытталған (нормалар мен қоғамдық құндылықтар) жүйелі әдістер көмегімен айқындайды.

Лингвомәдениеттану бірлігі – лингвокультурама. Профессор Зәуреш Ахметжанованың айтуы бойынша, халықтар арасында бір-бірінен айырмашылығын көрсететін әртүрлі лингвокультурамалар болады. Ғалым олардың 5 түрін көрсетеді. Біріншісі, халықтың материалды мәдениетін көрсететін лингвокультурамалар, екінші халықтың аксиологиялық құндылықтарын танытатын лингвокультурамалар, үшінші халықтың сөз сөйлеу, сөз алу кезінде пайдаланатын лингвокультурамалары, төртінші халықтың әдет-ғұрып, салт дәстүр кезінде пайдаланатын лингвокультурамалары және бесінші бұл жеке ішкі мәдениетін көрсететін лингвокультурамалар.

Өз ұлтыңның мәдени тілдік өміріндегі құндылықтар мен ерекшеліктерді өте жақсы біле отырып, бірақ басқа ұлттың ішінде сол ұлттың өзіне тән ерекшелігі мен ұлттық құндылықтарын тануға ұмтылу, соны зерттеу, бұл бір толыққанды дұрыс жұмысқа бастайды. Өйткені сен өзіңнің ұлтыңды біле отырып, оны өзге ұлтпен салыстыруда және сен өзің өзге мәдениеттің ішінде отырып, оны жан жүрегіңнен өткізе отырып, түсінуге тырысасың, оны қабылдап аласың және оны пайдаланасың.

Өз бетінше орындайтын тапсырмалар

1. Адамның сөйлеген сөзі арқылы мәдениетін тануға болады дегенге айналаңыздағы таныстарыңыздың сөздеріне барлау жасап, дәлел тауып көріңіз.
2. Адамның нәсіліне байланысты мәдениет типі қалыптасады дегенге ойланыңыз.
3. Қазақ тіліндегі сөздік қордан мәдениеттің айнасы бола алатын сөздерді тауып көріңіз, ізденіңіз.

Бақылау сұрақтары

1. Антропология ғылымының жаңалықтары қандай пайда әкелуі мүмкін?
2. Лингвомәдениеттану мен этнолингвистиканың айырмашылығы бар ма, болса неде?
3. Лингвокультурамалардың қандай түрлері бар?



Дәріс тақырыбы бойынша қосымша ресурстар

1. Тер-Минасова С.Г., Язык и межкультурная коммуникация. Москва, «Издательство Московского Университета», 2004 г.
2. Верещагин Е.М., Костомаров В.Г., Язык и культура. Москва: МГУ.
3. Лотман Ю. М., Культура и взрыв. М., 1992, с. 181.
4. <http://ur-consul.ru/Bibli/Konspyekt-lyektsiyi-po-kursu-Kuljtturologiya.10.html>.
5. <http://www.lomonosov-fund.ru/enc/ru/encyclopedia:01223:article>.
6. http://window.edu.ru/resource/059/22059/files/novikul_25.pdf.
7. <https://ru.coursera.org/learn/filosofiya-kultury/lecture/ZUy6K/8-3-gumanitaristika-xx-vieka-okul-turie-antropologhiia-linghivistika>.
8. Kroeber A.L., Anthropology. Race. Language. Culture. Psychology. Prehistory. N.Y. 1948. p.285.
9. Herskovits M., Cultural Anthropology. N.Y. 1955, p. 351.